

## Алматы қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалын қалпына келтіру үшін кредит тарту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған VII сессиясының 2000 жылғы 6 желтоқсандағы Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 22 желтоқсанда N 249 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 362 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 362 шешімімен*

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Z934100\_ Қазақстан Республикасының Заңының 40 бабына және " Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Z980258\_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

### ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласының Әкіміне Алматы қаласының әуежайындағы жолаушылар терминалын қалпына келтіру үшін кредит тарту туралы екі жыл мерзімге 15,0 (он бес) млн.АҚШ доллары сомасында кредит тартуға рұқсат етілсін.

2. Алматы қаласының Әкімі 2001 жылға арналған Алматы қаласының бюджетінде кредит бойынша пайызды төлеу және өтем төлеу үшін 905000 АҚШ доллары көлеміндегі ақша қаражатын іздестірсін. 3. Несиені және кредитті пайдаланғандығы үшін пайызды өтеу кестесі бекітілсін. 4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А.И. Шелипанов). ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының кезектен тыс VII-сессиясының төрағасы, хатшысы

ІІ-сайланған Алматы

қалалық Мәслихатының 2000 жылғы 6 желтоқсандағы кезектен тыс VII-сессиясының шешіміне қосымша

Алматы қаласындағы әуежай жолаушылар терминалын қалпына келтіруге бөлінген несиені және несиені пайдаланғаны үшін пайыздарды өтеу КЕСТЕСІ Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қалалық Мәслихатының ІІ сайланған Х сессиясының 2001 жылғы 25 мамырдағы шешімімен. V01r354\_ (АҚШ доллары) -----  
----- Мерзімі (жыл) ! Негізгі қарыз ! Несиені ! Жиынтығы ! ! пайдаланғаны ! ! үшін пайыздар ! -----  
----- 2001 - 1 630 333 1 630 333 2002 13 400 000 1 630 333 15 030 333 Жиынтығы 13 400 000 3 260 666 16 660 666 -----  
----- ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының кезектен тыс VII-сессиясының төрағасы, хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК